Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы – № 3 (124)/2018, 153-161 б.
Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University – № 3 (124)/2018, 153-161 pp.
http://bulpedps.enu.kz/; E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz

ХҒТАР 15.31.31

А.Р. Ерментаева[1], Ж.Қ. Аубакирова[2], К.М. Бимендина[3]
[123]Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің, Астана, Қазақстан
(E-mail: [123]janat-anar@mail.ru)

Студенттердегі психологиялық даярлықтың құрылымы

Аннотация. Мақалада ЖОО тұлғалық білім беру және субъект-бағдарлы психологиялық даярлаудың интегративті күрделі, студенттердің психологиялық даярлығы анықталды және талданды; ЖОО психологиялық даярлықтың деңгейі қарастырылды; психологиялық сауатылықтың, психологиялық құзіреттіліктің және психологиялық мәдениеттің деңгейі анықталды.

Психологиялық дайындау мен субъектілік мәселесіне орай отандас және шетелдік ғылымдағы жетекші тұрғылар талданып, студенттерді субъект-бағдарлы психологиялық дайындау жүйесін құру мен жүзеге асырудың теориялық-әдіснамалық негіздемесі жасалды.

Еңбекте студенттерді субъект-бағдарлы психологиялық дайындау тұжырымдамасы дәйектелді. Психологиялық даярлық құрылымдық қасиет ретінде анықталып, оның құраушылары, деңгейлері және көрсеткіштері зерттелді. Студенттердің психологиялық даярлық пен субъектілік деңгейлерінің өзара шарттастығы мен байланысы тұжырымдалды. Оның тиімділігін арттыру факторлары нақтыланып, студенттердің психологиялық даярлық пен субъектілікті өзара шарттастықта деңгейлі дамыту технологиясы жобаланды. Субъект-бағдарлы психологиялық дайындау жүйелік тұрғыдан талданып, құраушылары бойынша сипатталды. Студенттердің субъектілік және психологиялық даярлық деңгейлерін таныту мен дамытудың маңызды заңдылықтарын ашты.

Түйін сөздер. Студент, психологиялық дайындау, психологиялық даярлық, психологиялық сауат, психологиялық құзірет, психологиялық мәдениет.

DOI: https://doi.org/10.32523/2616-6895-2018-124-3-153-161

Студенттердің оқу-кәсіби іс-әрекетінде, қарым-қатынасында, даму процесінде субъектілігін және осыған байланысты өздерінің психикалық ресурстарын оңтайлы қолдану, өзін-өзі реттеу механизмін іске асыруға мүмкіндік беретін психологиялық даярлығын өзекті ету мен жетілдіру мәселелері жоғары мектепте тек *субъект-бағдарлы психологиялық дайындау* арқылы ғана оңтайлы шешіледі деп санаймыз. Бұл бір жағынан. Екіншіден, қазіргі қоғамның әр саласындағы келелі өзгерістер негізінде маман біліктілігіне зор талаптар қойылады, бұрынғыдай жай ғана орындаушы, белгілі бір жұмыс уақытының аясында қызметін атқарып қана кету заманы өтіп кетті. Енді қай мамандық иесінен болмасын іс-әрекетте кәсіби біліктіліктер, жоғары деңгейдегі креативтілік қатаң талап етіледі. Эйджизм заманында жастарға қоғам, социум тарапынан қай салада болмасын небір жаңашыл, өнімді іс-әрекеттерді іскерлікпен жүзеге асыруға зор үміт артылып, үлкен әлеуметтік күтілім жүктеледі. Оған қоса қазақ әлеуметінің түсінігі бойынша жастық шақта асқақ адамгершілік, биік рух, абырой, азаматтық позиция, ерен күш-қайрат сияқты көптеген субъектілік қасиеттер имманентті болу керек. Бүгінгі ауани әлемде батыстық парадигма бойынша жастардың ұтымды, өздері үшін пайдалы өзара әрекет пен өзара қатынас жасауы барынша құпталады. Ал қазақ халқы жас ұрпағынан бауырмалдық, жанашырлық, имандылық сияқты рухани-адамгершілік қасиеттермен сипатталатын ізгі қатынас күтеді. Студенттердің осы жағдайларды дәлме-дәл аңғаруына, өздерінің психологиялық ерекшеліктері мен іс-әрекеттері, қарым-қатынасы арасындағы қарама-қайшылықтарды шешу тәсілдерін іздестіруге жоғары мектепте субъект тұрғысына негізделген психологиялық дайындау мүмкіндік береді деп ұстанамыз.

Жоғары оқу орындарында психологиялық дайындаудың субъектілік тұрғысы болашақ мамандардың оқу-кәсіби іс-әрекет, қарым-қатынас салаларын жетілдіруге, проблемалық жағдаяттарды өздерінің шешуіне арқау болатын *психологиялық даярлықты* дамытумен анықталады.

Психологиялық даярлық *күрделі, тұрақты тұлғалық құрылым* болып табылады. Бұл құрылым білім, біліктілік, дағдылар және сан қилы тұлғалық қасиеттер жүйесінен құралады. Сонымен қатар, психологиялық даярлық *ұзақ мерзімділік* сипатқа ие болады, сонымен қатар, ол *уақытша әзірлік* күйіне, сол сәттегі жағдайды, талаптарды есепке алуға, қажетті мінез-құлық формасын өзекті етуге сәйкес келеді. Осыған орай психологиялық даярлық кез келген жағдаят міндеттерін нәтижелі орындаудағы, күрделі мәселелерді шешудегі ерекше *тұрақтылығымен* анықталады.

Психологиялық даярлық іс-әрекетті, қарым-қатынасты психологиялық тұрғыдан қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін *ішкі ахуал* және осы іс-әрекетті, қарым-қатынасты *ұйымдастыру, жүзеге асыру құралдарының жүйесі* болып табылады. Сондықтан, психологиялық даярлық студенттердің жеке басы үшін ғана емес, оларды қоршаған орта мен қоғам дамуы үшін де аса мәнді болатын *біртұтас құрылым* болады деп санаймыз.

Ал, студенттердің психологиялық даярлығы бірден қалыптасып, дамып, жетілуі мүмкін емес. Аталмыш құрылым субъект-бағдарлы психологиялық дайындау барысында *сатылы* түрде дамиды.

Субъект-бағдарлы психологиялық дайындаудың теориялық негіздегі тұжырымдамасы оны *психологиялық сауат* ашу, *психологиялық құзіретті* дамыту және *психологиялық мәдениетті* игеру деңгейлеріне салыстырмалы түрде бөліп қарауды қажет етеді [1,25].

Сонда, алдымен, субъект-бағдарлы психологиялық дайындау барысында студенттер психологиялық сауатты меңгереді. Мәдениеттің аса маңызды негізі, білім жолында міндетті түрде алуды қажет ететін «бастапқы меже» [2, 344] дейтін сауаттың анықталуы бойынша оның мәнін, мазмұнын айқындауға болады. Психологиялық сауаттың тұлға үшін аса қажеттілігін Ж.И. Намазбаева былайша дәйектейді: «... адам психикасының негізгі заңдылықтары мен мазмұнын білу әрқайсымыздың психологиялық құзырымызды өсіруге, өз мәселелерімізге сауатты тұрғыдан қарауға, қоршаған ортамен қарым-қатынас жасау және тұлғалық қалыптасуына мүмкіндік береді. Күнделікті өмірдегі сәтсіздіктер мен уайымдар, дау-дамайлар көбінесе психологиялық сауатсыздықтың салдарынан пайда болады». Сонымен қатар ғалым психологиялық сауаттың арқасында «... Сіз айналаңыздағы ақиқатқа, ең бастысы, өзіңізге немқұрайлы емес, белсенді қарайтын боласыз» - деп, оны субъектілік ұстанымның пайда болу, жетілу көзі ретінде түйін жасайды [3,6; 4, 56].

Осылайша сауатты әрі білімділіктің, әрі құзіреттіліктің, әрі жалпы мәдениеттіліктің ең алғашқы баспалдағы деп санайтын Б.С. Ерасов, Е.А. Климов, Б.С. Гершунский, Л.С. Колмогорова, Ж.И. Намазбаева сынды ғалымдардың пікірлерін құп көрдік. Жалпы, Е.А. Климов [5,45], Л.С. Колмогорова [6,56] анықтайтын психологиялық сауат ұғымы мағыналары жағынан психологиялық білім мен дағды ұғымдарына конгруэнтті болады.

Осыған байланысты біз де *психологиялық сауатты психологиялық даярлықтың ең бастапқы және негізгі сатысы* деп қарастырамыз.

Студенттер психологиялық сауатты психикалық құбылыстар туралы *білім-дағдымен* өз ой-өрісін, парасат-зерделігін, тұлғалық сапаларын, іс-әрекетін, қарым-қатынасын жетілдіру мақсатында меңгеруі тиіс. Сонда, психологиялық сауат меңгеруде жастардың басқа адамдарға оның ықтиярынсыз психологиялық әсер ету, ықпал жасау ниеті, бағдары орын алмауы қажет. Басқаша айтқанда, психологиялық сауат студенттердің басқалармен өзара әрекет пен өзара қатынасында манипуляциялық немесе салдары зардапты құрал ретінде пайдалану үшін жетілмеуі тиіс. Психологиялық сауат іс-әрекеттегі, қарым-қатынастағы, тұлғалық дамудағы студенттердің өзіндік оңды өзгерістеріне, дамуына, басқаларға рухани-адамгершілік қатынас сақтауға және өздеріне қатысты психологиялық проблемаларды шешуге мүмкіндік беруі қажет.

Олай болса, психологиялық сауат теория мен практикада іске асырылатын ерекше бір әрекеттердің мазмұнын анықтайды. Тұлғаны рухани-адамгершілік бағытта өзгертетін, қайта құрайтын және оның өзін дамытуына, өзінің психикалық процестері мен жағдайын реттеуіне, өз қасиеттерін танытуына, ішкі қуатын оятуына мүмкіндік беретін психологиялық сауаттың практикалық, өмірлік маңызы жоғары болып табылады. Осыдан студенттердің өзін-өзі тануына, өзін өзгертуіне және өзін-өзі жетілдіруіне психологиялық сауаттың *негіз болатыны* әрі *көпжақты қызмет атқаратыны* көрінеді.

Осы тұрғыдағы біздің психологиялық сауат жайлы түсінігіміз Е.А. Климовтың [5] ғылыми ұстанымына сәйкес келеді. Оның пікірінше, кез-келген маман өзара түсінісу, оқыту, басқару барысында өз идеяларын, ойларын, көңіл-күйін басқаларға жеткізе алуы қажет. Бұған қоса маман өзінің ішкі жан-дүниесін реттеуі мен ғылыми негізде өзін-өзі жетілдіруі де аса маңызды. Сондықтан ғалым кез-келген маманның «психологиялық сауатты» болу мақсатында психологиялық білім алуы тиіс деп санайды.

Психологиялық сауат оқу жоспарына, бағдарламаларына, мазмұнына сәйкес психология пәндері бойынша *психологиялық білімді – ұғымдарды, жәйттерді, түсініктерді, заңдылықтарды, механизмдерді және қарым-қатынас, іс-әрекет салаларында қажет болатын дағды мен*

біліктіліктерді меңгеру нәтижесі болады. Әрине, психологиялық сауаттың құрамына ғылыми негіздегі біліммен қатар әлеуметтік ортада мәнді болатын, ұлттық және мәдени құндылықтармен сәйкес салт-дәстүр, рөлдік қарым-қатынас, этика негізіндегі студенттердің *тұрмыстық деңгейде меңгерген психологиялық білімі* де қамтылады.

Жалпы, ғылымда психология пәндерінің студенттер дамуына ықпалы әр жақты қарастырылатын бірқатар диссертациялық зерттеулер бар. Психология пәндерін оқу университет студенттерінің *кәсіби* және *тұлғалық өзін-өзі анықтауы* үшін маңызды да шешуші рөл атқаратынын С.И. Лесникова [7,76], Е.К. Фоминых [8,98] бекітеді. Ал, Н.В. Парская [9,144] психология пәндерін студенттерде педагог мамандығына қатысты *мәдениетті қалыптастырудың ахуалы* ретінде де қарастырған. В.Ф. Бессараб [10,23] студенттерді кәсіби дайындаудың тиімділігі бейінді пәндерді оқытудың *психология курстарымен байланысына* тәуелді деп санайды. Сонымен қатар психология пәндері *ғылыми-психологиялық ақпарат алудың бірден-бір көзі* болып табылады. Олай деуге тірек болатын негіз де бар: студенттердің ақпарат алуға қашанда зәрулігі, ақпаратқа деген қажеттіліктері С.Н. Бекасованың [11,234] эксперименттерінен айқын көрінеді. Тіпті А.М. Шевелева [12,123] бойынша психология пәнін оқу барысында жастардың *кәсіби карьера туралы ойлары да өзгеріске* ұшырайды екен.

Сонда, студенттердің психологиялық сауаты олардың психика, психикалық және психологиялық денсаулық, қарым-қатынас, іс-әрекет туралы ғылыми негізделген мағлұматтары мен тұрмыстық психологиялық тәжірибелерінен көрінеді.

Субъектілік қасиеттеріне орай студенттердің психологиялық сауатты жетілдіруі *біртекті болмайды*. Сондай-ақ, психологиялық сауат студенттердің оқу-кәсіби іс-әрекетінің, қарым-қатынасының, өзіндік дамуының міндеттерін *түрліше шешуге мүмкіндік береді* (Ерментаева, 2007; 2008; 2012).

Студенттердің психологиялық сауат арттыруының басты анықтауышы психологиялық пәндер бойынша *білім мазмұны* болып табылады. Себебі, білім мазмұны « … ерекше түрде ұйымдастырылған іс-әрекеттің қажетті шарты болып табылатын тұлғаның сапалары мен қасиеттерінің прогрессивті өзгеру процесінің мазмұны» [13, 54] ретінде анықталады.

Сонда, психологиялық сауатты жетілдіру психология пәндерінің мазмұнына, сабақтан тыс ұйымдастырылатын *психологиялық диагностика, пропедевтика, дамытушы шараларына* және студенттердің *өзіндік жұмыстарына* арқаланады. Осы орайда оқу жүктемесін шектен тыс арттырмауды және студенттерге қажет емес ақпараттармен оларға қосымша ауыртпалық түсірмеуді де ойластыру керек. Ол үшін білім беруді реттейтін нормативті құжаттар ғана басшылыққа алынып қоймай, сонымен қатар, студенттердің психологиялық білімге деген *өз қажеттіліктері* де ескерілгені жөн.

Психологиялық сауаттың деңгейі психологиялық пәндерді оқытудағы педагогтің біліміне, тәжірибесіне, құзіретіне немесе тақырыптың қызықты болуына, психологиялық, педагогикалық технологиялардың тартымдылығына ғана тәуелді емес. Бұл психологиялық білім алуға және кез-келген іс-әрекетті, қарым-қатынасты дамытып, жетілдіруге бағытталған студенттердің субъектілік позицияна тікелей байланысты болмақ. Басқаша айтқанда, психологиялық сауат студенттердің психология пәндеріне деген *қызығушылықтары* мен олардың *оқып-білу мотивтері*, түрлі проблемалық жағдаяттарын шешуде *психологиялық ақпараттарды қажетсінулері* жетекші түрткі болатыны сөзсіз.

Жалпы, психологиялық сауат меңгеру деңгейі психология курстары бойынша оқу жоспарларындағы кесімді бір уақыт пен оқу бағдарламаларында көрсетілген нақты тақырыптар көлемінде академиялық білім алумен анықталады. Осы орайда психология пәндері бойынша психологиялық сауат студенттердің өзін-өзі тануға, өзін-өзі бақылау мен өзін-өзі реттеуге ден қойып, оқу-кәсіби іс-әрекетке, қарым-қатынас саласына, жалпы өмірде кездесетін проблемалық жағдаяттарды әркімнің өзі ғана шешу керектігін түсінуіне және ол үшін психологиялық даярлықтың қажеттілігін саналы түрде аңғаруына жол ашады.

Сонымен, субъект-бағдарлы психологиялық дайындаудың бастапқы нақты мақсаты студенттердің психологиялық сауаттарын жетілдіру болып табылады.

Студенттердің психологиялық сауаты негізінде олардың өздері үшін мәнді іс-әрекетті, қарым-қатынасты психологияландыруына мүмкіндік беретін *психологиялық құзірет* жетіледі.

Құзіреттілікте адамның өз өмір жағдайында жинақтаған, өзі мақсат еткен, жетістіктерге жетуге мүмкіндік берген, практикада қолдануда тиімді болған әлдеқайда құнды *тәжірибе* шегенденеді.

Күні бүгінге дейін ғылыми әдебиетте психологиялық құзіреттің нақты мән-мағынасы айқындалып, жеткілікті түрде арнайы зерттеліне қоймаған. Алайда әдебиетте психологиялық білім беруге, психологиялық дайындау іс-әрекеттеріне қатысты аталмыш ұғым жиі қолданылады (Е.А. Климов, Л.С. Колмогорова, М.В. Попова және т.б.).

Көптеген еңбектерде белгілі бір *білім, дағдылар* мен *қабілеттер* жиынтығы құзіреттілік құрамына еніп, оның негіздері ретінде анықталады [14, 3]. Ал, кейбір ғалымдар құзіреттіліктің жеке-дара анықтауышын көрсетеді. Мысалы, М.А. Холодная еңбегінде «Құзіреттілік – іс-әрекеттің сәйкес саласында тиімді шешім қабылдауға мүмкіндік беретіндей арнайы білімдердің ерекше топтасқан типі» [15, 369] ретінде жалпы түрде білім арқылы анықталады.

Дегенмен, қазіргі кездегі психологиялық зерттеулерде тұлға бойында *нақты бір қасиетті дамытуға байланысты* психологиялық құзіреттің әр түрлері ажыратылады.

1970-ші жылдардың орта кезінен бастап психология мен педагогика ғылымдарында қарым-қатынасты жетілдіру мәселелерін шешуге орай *коммуникациялық құзірет* ұғымы қолданысқа енді. Мұнда коммуникациялық құзірет анықталуына, сипаттамаларына орай психологиялық құзірет құрамында қарастырылады.

Алғаш рет жалпыланған өлшемдерін тағайындап, коммуникациялық құзіретті Т. Гордон [16,234] сипаттаған-ды. Ол аталмыш ұғымды адамның өз еркіндігін іштей сақтаумен қатар кез-келген жағдайдан сытылып шыға алу және сондай мүмкіндікті қарым-қатынас жасаған адамына да беру біліктілігі ретінде анықтайды. Сонда адамдардың тәуелсіз, ерікті тұлғалар ретінде қарым-қатынас жасау мүмкіндіктерінің жетіле түсуі, тым болмағанда кемімеуі коммуникациялық құзіреттің басты өлшемі болып табылады. Басқаша айтқанда, қарым-қатынаста адамдардың тепе-тең немесе серіктестік позицияны ұстануы құзіреттілікті көрсетеді.

Ал, Л.А. Петровская мен оның серіктестері коммуникациялық құзіретті «адамдардың басқалармен қажетті байланыс орнатуға және оны қуаттауға қабілеттілігі» [15, 3] деп анықтайды. Аталмыш ұғымды Ю.И. Емельянов [17,45] та осы мағынада қарастырады. Коммуникациялық құзірет құрамына қарым-қатынас процесін тиімді іске асыруды қамтамасыз ететін белгілі бір білім мен біліктіліктер кіреді. Олар байланыс орнату дағдысы, қарым-қатынастағы серіктесті түсіну, эмоциялық ширығуға жол бермеу, мүдделерді таныта алу мен өзара үйлестіру, пікірталас жасауға төселу сынды қасиеттерді бейнелейді.

Сонымен қатар, психологиялық құзірет ұғымымен *әлеуметтік құзірет* ұғымы да мағыналас, өзара құрамдастықта қарастырылады. Мәселен, А. Ким, М. Аргайл, В.Н. Куницына, Н.В. Казаринова, В.М. Погольша, т.б. еңбектерінде әлеуметтік құзіреттілік тұлғаның жағдаятты рефлексиялай алуы, оған ықпал ету мүмкіндігі; қарым-қатынастағы әлеуметтік сензитивтілігі; өзара әрекеттесуге дағдылануы; басқаларды дұрыс түсініп, қабылдауға қабілеттілігі; өз мәселесін өзінің шеше алуы ретінде анықталады [18,45; 19,124].

Біз студенттердің психологиялық құзіреттілігін олардың іс-әрекетті, қарым-қатынасты, өздерінің эмоциялық саласын, тұлғалық болмысын *оңтайлы түрде реттеуге, бақылауға, дамытуға, жетілдіруге* және *таныта алуға қабілеттілігі* ретінде анықтаймыз.

Мұндай психологиялық құзірет психологиялық сауаттың – меңгерілген білім мен дағдының орнымен, тиімді қолданылуын білдіреді. Олай болса, психологиялық құзірет тұлғаның өмір жағдайындағы, іс-әрекетіндегі, басқа адамдармен қарым-қатынасындағы кез-келген өзінің міндет-мәселелерін нәтижелі шешуді қамтамасыз етеді. Аталмыш ұғым психологиялық даярлық құраушысы ретінде тек ғылыми негіздегі білімді ғана емес, студенттердің тұрмыстық дәрежедегі психологиялық білімді, яғни жастардың өздерінің өткен тәжірибелерін, қоғамдық-әлеуметтік тәжірибелерді орынды қолдануын қажет етеді.

Сонда психологиялық құзірет қисыны бойынша студенттер арсеналындағы барлық – олардың ғылыми және тұрмыстық психологиялық білімдердің өз іс-әрекетіне, қарым-қатынасына, дамуына байланысты, өз жағдайына қатысты *нәтижелі, пайдалы* болуын білдіреді.

Олай болса, психологиялық сауатты студент психология бойынша білімі бар, ал осыны психологиялық құзіретті студент қандай да бір өзінің әлеуметтік-психологиялық проблемаларын дербестікпен, батылдықпен шешуде нақты және тиімді қолдана алады. Бұл сатыдағы психологиялық

даярлық студенттердің нормаларды және басқа адамдардың мінез-құлық, іс-әрекет, қарым-қатынас үлгілері мен тәжірибелерін, берілген нұсқауларды, бағдарларды тапжылтпай, сол қалпында өзгеріссіз қайталаудан, таптаурындықтан шыға алатын әлеуетін көрсетеді.

Сонымен, біздің ұстаным бойынша, студенттердің субъект ретіндегі *психологиялық құзіретін сипаттайтын белгілер*: іс-әрекет, қарым-қатынас, таным мен өзіндік тану, өзіндік даму, өзін-өзі таныту процестерінің негізіндегі өзінің проблемаларын тиімді шешуді қамтамасыз ететін психологиялық құралдарды, әдіс-тәсілдерді белсенді түрде меңгеру және орынды қолдану; тәжірибе мен тұрмыстық психологиялық білімге дәлме-дәл талдау жасап, таңдап, әлеуметтік ортаның нормаларын ескере отырып пайдалану; кең әлеуметтік диапазондағы өзінің психологиялық мәселелерін орайлы шешу үшін психологиялық сауатты ұдайы жетілдіруге қабілетті болу; әртүрлі жағдайларда іс-әрекетті, қарым-қатынасты, мінез-құлықты жетілдіруге қабілеттілік таныту.

Психологиялық құзіретті дамыту *кеңістік* пен *уақыт бойынша әлдеқайда ауқымды*. Себебі, проблемалық жағдаятты өздерінің шешулері үшін студенттердің ғылыми-психологиялық білімді үздіксіз, үнемі жетілдіруі және оған қалтқысыз арқалануы өзекті болады. Басқаша айтқанда, мұнда психология курстары бойынша оқу бағдарламаларының көлемінде меңгерілетін теориялық білім мен практикалық әрекеттің әлдеқайда кеңейтілуі, терең де жан-жақты болуы субъект-бағдарлы психологиялық дайындаудың басты қағидаларының бірі ретінде алға қойылады.

Сонда, психологиялық сауатты студенттердің психология негіздері бойынша білімі болады, олар іс-әрекет, қарым-қатынас, психика формалары, тұлға бойынша психологиялық жәйттерді, заңдылықтарды және механизмдерді аңғарады. Сонымен қатар психологиялық сауатты студенттер әлуметтік ортада мәнді тұрмыстық психологиялық білімді өздері меңгерген ғылыми негіздегі біліммен қабаттастырады. Осыған орай психологиялық жағдайларында өздерін ұстауды, танытуды біледі, өте жақсы түсінеді. Ал енді, психологиялық құзіретті студенттер іс-әрекет, қарым-қатынас, психика формалары, тұлға бойынша психологиялық жәйттерді, заңдылықтарды және механизмдерді тек біліп, түсініп ғана қоймайды. Олар білгендерін іске асыра алады, яғни, осы психологиялық білімдерін өз проблемаларын шешуде дәл және тиімді қолдана алады; өздерінің маман және тұлға ретінде даму, жетілу процестерін, басқалармен қарым-қатынасын психологиялық тұрғыдан қамдай алады. Психологиялық сауатты жас өз белсенділігі, ниет-тілегі, білуге деген ұмтылысы, өзіндік жұмыс жасаудағы дербестігі мен ерік-жігері арқасында психология бойынша білімді; ой-өрісі, эрудициясы кең болып келеді. Осындай деңгейден психологиялық құзірет дәрежесіне жеткен студент өзінің жеке бас жағдайларына қатысты іс-әрекетінде және қарым-қатынасында психологиялық білімді субъектілікпен іске асыра алады. Сонда, субъект-бағдарлы психологиялық дайындау барысында *студенттердің психологиялық құзіретін дамыту, жетілдіру мақсаты психологиялық сауатты практикаға бағыттауды өзекті етеді.*

Психологиялық даярлықтың белгілеріне, функциялары мен мазмұндық сипаттамаларына талдау жасағанда, оның ең жоғары даму деңгейінің *«мәдениет»* категориясына байланысы аңғарылды. Сондықтан бұл сатыдағы психологиялық даярлықты жалпы мәдениеттің құрамдас бір бөлігінің бейнесі ретінде қарастырамыз. Осыған орай оны *«психологиялық мәдениет»* ұғымымен анықтадық. Ол 1) студенттердің жалпы іс-әрекетті *психологияландыра* алуына әлеует болады; 2) болашақ мамандардың қарым-қатынас саласын *жетілдіру шарты* ретінде анықталады; 3) студенттердің *өзін-өзі танытуын* қамтамасыз етеді.

Мұндағы психологиялық даярлықтың алдыңғы деңгейлерінен психологиялық мәдениеттің өзіндік ерекшелігі бар. Ол – студенттердің оқу-кәсіби іс-әрекетті, қарым-қатынасты жетілдіруінде, өзін-өзі танытуында *психологиялық мәдениеттің өзегі басқаларға деген құнды қатынас* болатынымен анықталады. Басқаша айтқанда студенттердің жоғары сатыдағы психологиялық даярлығы адамзаттың *ізгіліктілік, рухани-адамгершілік қағидаларына* тіректеледі. Осы орайда студенттердің психологиялық мәдениеті қазақ халқының ұлттық құндылықтарының, рухани мұрасының негізі болатын ізгілікті-адамгершілік қасиеттермен анықталынуы аса маңызды болмақ.

Жалпы, психологиялық мәдениет психологиялық сауатты, психологиялық құзіретті дамытып, жетілдіру процестерінің нәтижесі болып табылады.

Субъектілік тұрғыдан студенттерде психологиялық құзіреттің дамуы «*Мен*»-ді және «*Басқа*»-ны *өзара сәйкестендіруіне* байланысты. Мұнда, алдымен, басқаның бойындағы кейбір қасиеттерді қабылдау мен түсіну жүзеге асырылады. Одан кейін оларды өз мүмкіндіктері мен қабілеттеріне

байланысты таңдау, өзін өзгерту қажеттігін саналы түрде ұйғарады. Бұл студенттердің өз психологиялық мүмкіндіктерін барынша толымды көрсетуге деген мотивацияның орныгып, дамуына әкелмей қоймайды. Мұнда студенттер үшін өздеріндегі психологиялық даярлық деңгейінің мағынасы, оның қоғамдық-әлеуметтік құндылығы және өзін психологиялық даярлықты жүзеге асыру субъектісі екендігі саналы аңғарылады. Өз психологиялық мүмкіндіктерінің шектілігі мен психологиялық даярлықты жоғары деңгейде дамытуға қажеттілік арасындағы қайшылықты субъектілікпен шешу арқылы студенттер психологиялық мәдениетті игеруге әлеуеттілігін көрсете алады. Жастардың бүкіл тіршілік әрекетін, өмір жағдайын оңтайлы, нәтижелі ететіндей психологиялық мәдениеттің ерекше ықпалы бар. Мұндай психологиялық мәдениетті студенттердің өз тағдырларының, өмірлерінің толыққанды авторы болу үшін қажетті субъектілік позицияның негізі әрі нәтижесі ретінде анықтаймыз.

Мәселеге қатысты тірек теориялар тұрғысынан психологиялық мәдениеттің рухани-адамгершілік қасиет *жүйеұйыстырушы негізі* деп анықтаймыз.

Студенттердің барынша кең ауқымдағы құрылым ретіндегі психологиялық мәдениетті игеруі психологиялық даярлықтың ең *жоғары деңгейі* болып табылады. Сондықтан, психологиялық мәдениет әдіснамалық қағидаға сәйкес ол *ашық жүйе* болып табылады. Ал, кез келген ашық жүйе басқа да жүйелермен өзара байланыста дамуға, толымды трансформациялануға әлеуетті келеді. Сондықтан психологиялық мәдениет *субъектілік дамумен өзара шарттастықта* болады. Олай болса, студенттерді субъект-бағдарлы психологиялық дайындау нақты жағдаяттан тыс та тұрақты рухани-адамгершілік негіздегі субъектілік позицияны ұстануды шарттастыратын психологиялық мәдениетті игеруге бағытталуы тиіс. Бұл деңгейдегі психологиялық даярлық бәрінен бұрын жастардың өзін-өзі рухани-адамгершілік жағынан дамыту мен өзін-өзі таныту мәселелерін *психологияландыруға,* яғни *психологиялық жолмен шешуге мүмкіндік береді*.

Сонымен, студенттерді субъект-бағдарлы психологиялық дайындаудың психологиялық сауат меңгеру, психологиялық құзіретті дамыту және психологиялық мәдениетті игеру деңгейлері арасында *өзара үйлесімді байланыс, тәуелділік* бар. Сондықтан олар *біртұтас жүйені* құрайды. Олардың алдыңғысы өзіндік ерекшелігі бар әрі одан әлдеқайда жоғары деңгейдегі жүйеше болып табылатын кейінгінің құраушы компоненті ретінде анықталады. Субъект-бағдарлы психологиялық дайындау деңгейлерінің бірінен екіншісіне өтуі олардың әрқайсысына сәйкес болатын нәтижелермен шарттасқан.

Студенттердің психологиялық даярлықтарының деңгейлі дамуына *ерекше белгілер* тән. Мұнда психологиялық сауат меңгеру, психологиялық құзіретті дамыту мен психологиялық мәдениетті игеру деңгейлері мақсат-міндеттері, мазмұны мен технологияларына ғана емес, сондай-ақ оларға жұмсалатын уақыт көлемі бойынша, ықпал ету ауқымдарына қатысты, жалпылану ерекшеліктеріне және тұрақтылық қасиеттеріне байланысты да бір-бірінен айырмашылықтары болады.

Психологиялық даярлықтың деңгейлі дамуына байланысты ауқымының кеңейе түсуі оның *жалпылық сипатын* да түсінуге мүмкіндік береді. Тарқата айтсақ, студенттердің субъект ретінде психологиялық сауат ашудан психологиялық мәдениетті игеру деңгейіне дейін көтерілуі танымдық процестердің ырықтылығының үйреншікті болуына; шығармашылықтың, тұлғалық сапалар мен өзіндік сана-сезімнің дамуына; адамгершілік-рухани құндылықтардың әрдайым өзекті болуына; жағымды эмоциялық жай-күйдің тұрақтануына; кәсіби мәнді қарым-қатынас қасиеттерінің жетілуіне және кез-келген іс-әрекет тиімділігінің артуына міндетті түрде ықпал етеді. Сонда, субъект-бағдарлы психологиялық дайындау студенттердің тұлға және маман ретінде дамуына қуатты мүмкіндік беретін әлеуетті негіз болады.

Психологиялық даярлықтың неғұрлым жоғары деңгейлеріне құрылымдардың соғұрлым *тұрақты* болуы сәйкес келеді деп ұйғарамыз. Мұнда нақты бір оқу жоспарына қатысты психологиялық сауат ашумен ғана шектелу негізіндегі психологиялық даярлық тұрақты құрылым ретінде анықтала алмайды. Сондай-ақ психологиялық құзірет нақты бір жағдаяттарға ғана қатысты тұрақтылықпен сипатталуы мүмкін. Тек психологиялық мәдениет қана кез-келген жағдаяттан тыс субъектіліктің, басқаларға рухани-адамгершілік қатынастың тұрақтылығын барынша анықтайды.

Студенттерді субъект-бағдарлы психологиялық дайындау арқылы олардың психологиялық сауаты мен психологиялық құзіретін дамыту, жетілдіру *нақты* болады деп санаймыз. Басқаша айтқанда, олар студенттердің психологиялық даярлықтарының нақты деңгейлері болып табылады.

Олай болса, субъект-бағдарлы психологиялық дайындау студенттердің деңгейлі түрде психологиялық сауатын ашуын, психологиялық құзіреттілігін жетілдіруін, психологиялық мәдениетті игеруін қамтамасыз ететіндей әр бағытта болуы қажет. Субъект-бағдарлы психологиялық дайындау студенттері кәсіби дайындау жүйесінің барлық компоненттерін ұйыстыратын оның басты бір құраушысы болмақ. Тек сонда ғана жоғары оқу орындарында студенттердің тұлға, маман ретінде дамуы негізді болады деп ұстанамыз.

Әдебиеттер тізімі

1 Ерментаева А.Р. Психологиялық даярлықты жетілдіру. Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2012. – 25-30 б.
2 Гершунский Б.С. Философия образования для XXI века. В поисках практико-ориентированных образовательных концепций. – М.: Совершенство. – 1998. – 344-362 с.
3 Намазбаева Ж.И. Психология: оқулық. - Алматы, «Prints», 2005. – 3-11 б.
4 Ерасов Б.С. Социальная культурология: Пособие для студентов вузов: в 2-х частях. – М.: Аспект-пресс. – 1994. – Ч.1. 56-61 с.
5 Климов Е.А. Введение в психологию труда: Учеб. пособие для вузов по специальности «Психология». – М.: МГУ. – 1988. – 45-49 с.
6 Колмогорова Л.С. Диагностика психологической культуры школьников. – М.: Владос-Пресс. – 2002. – 56-61 с.
7 Лесникова С.И. Формирование профессионального самоопределения студентов классического университета в процессе изучения предметов психолого-педагогического цикла: дис….канд. пед. наук. – Кемерово, 2000. – 76-88 с.
8 Фоминых Е.К. Формирование готовности к личностному самоопределению в процессе профессионализации: автореф. дис….канд. психол. наук. – Казань, 2000. – 98-100 с.
9 Парская Н.В. Педагогические условия формирования субкультуры инженеров-педагогов у студентов профессионально-педагогической специальности вуза в процессе изучения дисциплин психолого-педагогического цикла: дис….канд. пед. наук. – Челябинск, 2000. – 144-150 с.
10 Бессараб В.Ф. Теория и практика подготовки инженера-педагога в агротехническом вузе на основе взаимосвязи психолого-педагогических и специальных дисциплін: автореф. дис….д.-ра пед. наук. – Челябинск, 1999. – 23-28 с.
11 Бекасова С.Н. Информационные потребности студентов как фактор профессионального и личностного развития. На материале цикла педагогических дисциплін: автореф. дис….канд. пед. наук. – СПб., 1999. – 234-240 с.
12 Шевелева А.М. Идеалы профессиональной карьеры у обучающихся психологи: автореф. дис….канд. психол. наук. – Ростов н/Д., 2000. – 123-128 с
13 Леднев В.С. Содержание образования. – М., 1989. – 54-58 с.
14 Жуков Ю.М., Петровская Л.А., Растянников П.В. Диагностика и развитие компетентности в общении. – Киров: ЭНИОМ. – 1991. – 4-6 с.
15 Холодная М.А. Психология интеллекта: Парадоксы исследования. – Томск-М., 2002. – 3-8 с.
16 Gordon Th. Teacher Effectiveness Training. – N.Y. – 1975. – 12-14 p.
17 Емельянов Ю.Н. Активное социально-психологическое обучение. – Л., 1985. – 167 с.
18 Ким А.М. Личность и структура социально-психологических знаний на современном этапе. -Алматы, 2005. – 45-48 с.
19 Куницына В.Н., Казаринова Н.В., Погольша В.М. Межличностное общение. – СПб, 2001. – 124-132 с.

А.Р. Ерментаева, Ж.К. Аубакирова, К.М. Бимендина
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Структура психологической подготовки студентов

Аннотация. В статье определяется и анализируется психологическая готовность студентов как сложное, интегрированное личностное образование и результат субъектно-ориентированной психологической подготовки в вузе; рассматриваются уровни развития психологической готовности; определяются и выделяются особенности психологической грамотности, психологической компетенции и психологической культуры студентов.

Ключевые слова. Студент, психологическая подготовка, психологическая готовность, психологическая грамотность, психологическая компетентность, психологическая культура.

A.R. Yermentayeva, Zh.K. Aubakirova, K.M. Bimendina
L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Structure of psychological preparation of students

Abstract. Psychological readiness of students is defined and analyzed in the article as a complex, integrated personal formation and result of a subject-oriented psychological preparation in high school; here examines levels of psychological preparedness; also are defined and distinguished features of psychological literacy, psychological competence and psychological culture of students.

Key words. Student, psychological preparation, psychological readiness, psychological literacy, psychological competence, psychological culture.

References

1. Ermentaeva A.R. Psihologiyalyik dayarlyiktyi jetildiru[Psychology of life] (S. Amanzholov VKGU, Ust-Kamenogorsk, 2012).
2. Gershunsky BS Filosofiya obrazovaniya dlya HHI veka. V poiskah praktiko-orientirovannyih obrazovatelnyih kontseptsiy [The philosophy of education for the twenty-first century. In search of practice-oriented educational concepts](Perfection, Moscow, 1998).
3. Namazbaeva Zh.I. Psihologiya [Psychology] (Prints, Almaty, 2005).
4. Erasov B.S. Sotsialnaya kulturologiya: Posobie dlya studentov vuzov: v 2-h chastyah [Social Culturology: A manual for university students: in 2 parts] (Aspect-press, Moscow, 1994).
5. Klimov E.A. Vvedenie v psihologiyu truda: Ucheb. posobie dlya vuzov po spetsialnosti «Psihologiya»[Introduction to the psychology of work: Proc. manual for universities on the specialty "Psychology"](Moscow State University Moscow, 1988).
6. Kolmogorova L.S. Diagnostika psihologicheskoy kulturyi shkolnikov [Diagnostics of the psychological culture of school children](Vlados-Press, Moscow, 2002).
7. Lesnikova S.I. Formirovanie professionalnogo samoopredeleniya studentov klassicheskogo universiteta v protsesse izucheniya predmetov psihologo-pedagogicheskogo tsikla: dis….kand. ped. nauk [Formation of professional self-determination of students of the classical university in the process of studying subjects of the psychological-pedagogical cycle: dis ... .kand. ped. sciences]. Kemerovo, 2000. - 76-88 with..
8. Fominykh E.K. Formirovanie gotovnosti k lichnostnomu samoopredeleniyu v protsesse professionalizatsii: avtoref. dis….kand. psihol. nauk [Formation of readiness for personal self-determination in the process of professionalization: author's abstract. dis ... .kand. psychol. sciences].Kazan, 2000. - 98-100 c.
9. Parskaya N.V. Pedagogicheskie usloviya formirovaniya subkulturyi injenerov-pedagogov u studentov professionalno-pedagogicheskoy spetsialnosti vuza v protsesse izucheniya distsiplin psihologo-pedagogicheskogo tsikla: dis….kand. ped. nauk [Pedagogical conditions for the formation of the subculture of engineers and teachers in students of the professional and pedagogical specialty of the university in the process of studying the disciplines of the psychological and pedagogical cycle: dis ... .kand. ped. sciences]. Chelyabinsk, 2000.
10. Bessarab V.F. Teoriya i praktika podgotovki injenera-pedagoga v agrotehnicheskom vuze na osnove vzaimosvyazi psihologo-pedagogicheskih i spetsialnyih distsiplin: avtoref. dis….d.-ra ped. nauk [Theory and practice of training of the engineer-teacher in the agrotechnical university on the basis of interrelation of the psychological-pedagogical and special disciplines: the author's abstract. dis .... ped. sciences]. Chelyabinsk, 1999.
11. Bekasova S.N. Informatsionnyie potrebnosti studentov kak faktor professionalnogo i lichnostnogo razvitiya. Na materiale tsikla pedagogicheskih distsiplin: avtoref. dis….kand. ped. nauk [Information needs of students as a factor of professional and personal development. On the material of the cycle of pedagogical disciplines: the author's abstract. dis ... .kand. ped. sciences]. - St. Petersburg, 1999. - 234-240 p.
12. Sheveleva AM Idealyi professionalnoy kareryi u obuchayuschihsya psihologi: avtoref. dis….kand. psihol. nauk [Ideals of a professional career for students of psychology: the author's abstract. dis ... .kand. psychol. sciences]. Rostov n / D., 2000. - 123-128 c.
13. Lednev V.S. Soderjanie obrazovaniya [The content of education]. (Moscow, 1989).
14. Zhukov Yu.M., Petrovskaya LA, Rastyanikov PV Diagnostika i razvitie kompetentnosti v obschenii [Diagnosis and development of competence in communication](ENIOM, Kirov, 1991).
15. Holodnaya M.A. Psihologiya intellekta: Paradoksyi issledovaniya [Psychology of the intellect: Paradoxes of research](Tomsk-M., 2002).
16. Gordon Th. Teacher Effectiveness Training(N.Y., 1975).
17. Yemelyanov Yu.N. Aktivnoe sotsialno-psihologicheskoe obuchenie [Active socio-psychological training](L., 1985).
18. Kim A.M. Lichnost i struktura sotsialno-psihologicheskih znaniy na sovremennom etape [Personality and structure of socio-psychological knowledge at the present stage](Almaty, 2005).
19. Kunitsyna V.N., Kazarinova N.V., Pogolsha V.M. Mejlichnostnoe obschenie [Interpersonal communication](St. Petersburg, 2001).

Авторлар туралы мәлімет:
Ерментаева А.Р. – пс.д.н., қауымдастырылған профессор, «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасының профессоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.
Аубакирова Ж.К. – пс.к.н., «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасының доценті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.
Бимендина К.М. – психология мамандығының студенті, .Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.
Yermentayeva A.R. - Doctor of Psychology, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.
Aubakirova Z.K. - Candidate of Psychology, Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.
Bimendina K.M. – Student Specialty Psychology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.